



17-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ
АШЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

ТЕЛЕВИЗИЯ, РАДИО ЖӘНЕ ЖАҢА МЕДИАҒА МӘТІН ЖАЗУ

Корпоративті медиа. Жанды мен
жансыз, адам мен жануар





I.

Армысыздар, отандық журналистиканың өкілдері. Сіздерге арнап американдық телевизия тарланы Роберт Хиллиард мырзаның «Телевидение, радио мен жаңа медиа үшін мәтіндер жазу» атты кітабынан алынған кезекті дәрісті бастауға рұқсат етіңіздер. Бұл жолы Роберттің еңбегінің корпоративті медиаға арналған тұсын дәріске айналдырдық. Ол тақырып дәрістің бірінші бөлігін құрайды. Екінші бөлігінде дәстүрлі түрде өзіміздің қазақ журналистеріне қажет тақырыпты қаузаымыз. Ана тілінде жазатын бауырлар жанды мен жансыз затқа қатысты бейнелі сөздері қолдануда шатасады. Соның ұғындырып, ондай қателікті қайталамауға үйретеміз.

Алдымен корпоративті медиа дегеніміз не? Ол жеке компанияның мүддесіне қызмет ететін немесе сол компанияның бастамасымен шығып отырған газет пен журнал, телевидение мен радио және интернет сайттар тобы.

Көбінесе корпоративті медиа салалық болып келеді. Сондықтан бір немесе бірнеше компанияның ортақ қаражаты арқылы шығарылады. Әрі өздеріне қатысты салалық тақырыптарды қаузаыды.

Роберт Хиллиард корпоративті ақпарат құралдарының табысы кейде Голливудтың табысынан асып түседі дейді. Өйткені бұларда білім беру, жарнама жасау, ақпараттандыру жұмысы қатар қолға алынған. Кейінгі кезде интернет корпоративті ақпарат құралдарының мүмкіндігін еселеп арттырды.

Корпоративті ақпарат құралдарының ішінде мыналар болады. Біріншіден баспасөз өнімдері. Оған корпоративті газет, журнал, бюллетень мен каталог кіргізіледі. Екіншідін корпоративті электрондық ақпарат құралдары. Оған радио мен телевизия бағдарламаларын дайындайтын студиялар мен стансалар кіреді. Кейде тіпті өздерінің телеарналары да болады. Үшіншіден компанияның желідегі ресурсы. Оны түрлі сайттар мен әлгі газет, журнал мен кітаптардың электронды нұсқалары құрайды.

Роберт Хиллиард корпоративті басылымдарды мақсатты аудиториясына қарай төрт түрге бөледі. Алдымен қызметкерлерге арналған басылымдар. Одан кейін клиенттерге арналған басылымдар. Үшіншісі іскерлік әріптестерге арналған басылымдар. Ақыр аяғында төртіншісі кәсіпқой мамандарға арналған басылымдар.

Олар қаржыландруға қатысты бірнеше топқа жатқызылады. Алдымен толық дотацияда отырғандар, яғни құрылтайшы есебінен күн көретіндер бар. Одан кейін жарым-жартылай өзін ақтайтындар бар. Үшіншісі өздерін толық ақтайтындар. Төртіншісі табыс әкелетіндер деп бөлінген.

Біз жоғарыда олардың салалық негізде дүниеге келетінін айттық. Олар жекеменшіктің қаржысымен құрылады. Бұдан басқа мемлекеттік мекемелер мен органдарының корпоративті медиасы болуы мүмкін.

Білім беру орталықтарының корпоративтік медиасын көп ретте оқытудың барлық сатысын қамтитын мекемелерден көреміз дейді Роберт Хиллиард. Оларда мектеп пен колледж оқушыларына, студенттерге, одан аспиранттарға, ақыр аяғында оқытушы мен профессор құрамына арналған жеке басылымдар болады. Мұның сыртында бүкіл жүйеге ортақ газет шығуы мүмкін. Құрылым ішіндегі әр білім ордасының өз радиосы мен телевидениесі жұмыс істейді. Содан кейін кітап шығаратын баспасы бар. Осының бәрі тұтаса кегенде бір корпоративті медиа деп саналады.

Корпоративті медиа құралдары үшін сценарий жазу оңай емес. Біріншіден медиа менеджмент жоғары талап қояды. Олар шығармашылық адамның жұмысын есеп-қисап жағында отырған маманмен бірдей деп қарауы мүмкін. Ал корпоративті медиа авторы оған қарасты барлық буындарды жақсы білуге тиіс. Ондағы мамандармен жүздесіп, ойларымен және жоспарларымен танысқан соң ғана тақырыпқа дендейді.

Корпоративті бағдарламалар әдетте қысқа болады. Олардың ұзақтығы 10 мен 30 минут аралығында.

Жалпы корпоративті медианың өнімдері шағын бюджетті болып келеді. Ал дайындайтын уақыт жағынан өте қысқа мерзім белгіленеді. Көптеген корпоративті фильмдерде драманың форматы қолданылады. Алдымен белгісіздік, айқын емес жәйт көрсетіліп содан кейін барып оның шешімі сөз болады.

Автор корпоративті клиенттің консервативті екенін ескеруі қрек. Олар салалық ауқымда ойлап, орындаушылардан осыны талап етеді. Сондықтан корпоративті медианың өнімдерінің мазмұнында көркемдік шешімдер жоқтың қасы.

Міне біз дәрістің алғашқы бөлігін Роберт Хиллиард мырзаның «Телевидение, радио мен жаңа медиа үшін мәтіндер жазу» атты кітабына сүйене отырып аяқтадық. Алда бұдан да қызғылықты екінші бөліміміз бар.



Кітап: Телевизия, радио және жаңа медиаға мәтін жазу
Дәріс: Корпоративті медиа. Жанды мен жансыз, адам мен жануар
Дәріс авторы: Қайнар Олжаев

II.

Кезекті дәрісімізді қазақ тілінде жазатын журналистердің және бір шатасатын тұсына арнасақ дейміз. Бұл да қажет тақырыптың бірі. Әрі біздің саралауымызша, бұған да көп назар аударыла қоймайды. Әңгіме баспасөз бен телевизия тілшілерінің алдымен жанды мен жансызды, содан кейін адам мен малды айырудан қалып бара жатқаны жайында. Жазған кезде жанды мен жансыз арасын ажыратпайтындар көп. Бұл да – қазақ журналистерінің жиі сүрінетін тұсы. Соны қалай редакциялауды үйрету үшін кезекті мысалға жүгінеміз.

Мынау режиссер Рүстем Әбдіраштың «Алмас қылыш» киносы экранға шыққанда жазылған рецензия екен. Біз әдеттегідей авторын нұсқап көрсетпейміз. Кино жайында мүлде сөз қозғамаймыз. Тек «бұлай жазуға болмайды» деген көрнекі құрал ретінде пайдаланамыз. Рецензия авторы кино туралы бірдене білетін шығар. Ал, тіл жағынан көп жетілуі керек. Мәтін ішінен бүгінгі тақырып: жанды мен жансыз затқа қатысты сөйлемдерін іріктеп алдық.

РЕЦЕНЗИЯ МӘТІНІНЕН: «Меніңше бұл кинотуынды өз миссиясын атқарып шығуға толық қауқарлы өнім. Ол ұрпақ тәрбиесі, ұлттық рухты көтеру, ата тарихымызды насихаттау секілді дүниелер. Айқас сахналары «Номад» кәсіби каскадерлерінің ат салысуымен барынша шынайы шыққан. Голливудтық танымал туындылардан тәбетті көрермен, бұл фильмдегі жоғарғы деңгейлі операторлық жұмысқа да оң бағасын берер. Жаңғыртылған Сығанақ, Алмалық секілді тарихи шаһарлардың экрандағы кадрлары көз тартады. Қырық жыл ел билеген кәрі қасқыр мен жас жолбарыстың текетіресі сізді жалықтырмайды. Саяси және идеологиялық мақсатта түсірілген «Қазақ елі» тарихи сериалының кинонұсқасы осы «Алмас қылыш». І. Есенберлиннің шығармасы негізінде жасалған бұл лентаның айыбы болса айтуды киносыншыларға қалдырайық.» Үзіндінің соңы. Енді осы мәтінді өзіміздің тәсілімізге салып рет-ретімен редакциялап көрелік.

БІРІНШІ СӨЙЛЕМ былай жазылған: «Меніңше бұл кинотуынды өз миссиясын атқарып шығуға толық қауқарлы өнім.» Алдымен әдеттегідей тыныс белгілерін түгендейміз. Бұған дейін бізге мәлім болғандай қазақ тілді ақпарат құралдары үтір мен тырнақшаны түгендей бермейді. Дефис пен сызықшаны мүлде айырмайды. Телевизиядағы тыныс белгілері туралы сөз ету артық. Ондағылар сюжеттердің мәтінін тыныс белгілерінсіз жазады. Ал эфирде отырған жүргізуші үшін тыныс белгісі ауадай қажет. Өйткені, қай жерде тоқтап пауза жасайтынын білеуі керек қой. Бірақ мұны әзірге ескермей отыр. Сол тыныс белгілерін түгендеу кезінде мына сөйлемде «меніңше» қаратпа сөз болғандықтан, одан кейін үтір қойылады. Сөйлемнің баяндауышындағы «өнім» сөзі зат есім болғандықтан, бастауышындағы «кинотуынды» сөзінен кейін сызықша қойылады.

Тыныс белгілері түгенделсе, енді «кинотуынды өз миссиясын атқарып шығуға» деген тіркесті талдайық. Халықаралық термин болып табылатын «миссия» сөзі негізінен, адамдардың әрекетіне қатысты қолданылады. Біздің білуімізше, «мақсат», «діттеген тұсы», «ойындағысы» деген сияқты қазақы сөздермен туыстасады. Демек, кинотуындының миссиясы болмайды, оны жасаушылардың, түсірушілердің миссиясы болады. Жанды мен жансыздың өз етістіктері боларының, оны тек орнымен қолданудың алғашқы мысалы осылай көзімізге түсті.

Одан арғы тіркесте де тура осы жәйтке тап болдық. Автор «толық қауқарлы өнім» деп жазады. Соңғы кезде «бәсекеге қауқарлы өнім» мен «бәсекеге қабілетті өнім» деген тіркестен аяқ алып жүруден қалғанбыз. Бажайлай білгенге «қауқар» мен «қабілет» тек жандыларға, оның ішінде адамға қатысты айтылады. Қауқар – кісінің күшін, ал қабілет – зерделік деңгейін аңғартады. Жансыз затта, бұл жерде киноөнімде, ондай күш пен зерде жоқ шығар. Демек, оны «бәсекеге сай» немесе «бәсекеге жарайтын өнім» деген ләзім.

Ары қарай **ЕКІНШІ СӨЙЛЕМ**ді оқимыз. «Ол ұрпақ тәрбиесі, ұлттық рухты көтеру, ата тарихымызды насихаттау секілді дүниелер.» «Ол» бастауышы жекеше болғандықтан, баяндауыштағы «дүниелер» сөзі көпше жазылмайды. Осы орайда бұрынғы ақындарымыздың арасында болған мына қызық жәйт еске түседі. Біз Қадыр Мырза Әлидің «Иірім» атты кітабына жиі жүгінеміз. Онда қазақ жазушыларының өмірінен небір жағдайлар жазылған. Кітапта ешкім бүркемеленбеген, бәрінің аты-жөні бар. Мұқағали Мақатаев, Жүмекен Нәжімеденов, Оспанхан Әубәкіров, Тахауи Ахтанов, Бердібек Соқпақбаев және басқа бірнеше ондаған қаламгердің басынан не өтіп, не қойғаны осы «Иірімнің» ішінде тұр. Автор бір тұста ақын Хамит Ерғалиевті сипаттайды. Сонда Хамаңның менмендік, сәл мақтаншақ қасиетін көрсету үшін мына мысалды келтіреді. Хамаң сөздің басын «біз» деген бастауышпен бастап ең аяғын тек өзіне қатысты бірінші әрі жеке жақтағы «мен» есімдігіне бағынатын етістікпен аяқтайды екен. Мәселен, «біз қазақ ақындары» деп басталған сөйлемді «өте мықты кітап жаздым» деген тіркеспен аяқтай салуы ғажап емес.



Кітап: Телевизия, радио және жаңа медиаға мәтін жазу
Дәріс: Корпоративті медиа. Жанды мен жансыз, адам мен жануар
Дәріс авторы: Қайнар Олжаев

Мынау тура соны еске салып тұр. Тек Хамаң ауызша сөйлегенде сөйтеді, ал мына басылымға шыққан мақала емес пе. Мұнда олай берекесіз жазуға жол жоқ еді.

Бастауыш пен баяндауыштың үйлеспей қалғанын көрсетсек, әрі қарай осы сөйлемде тағы бір тыныс белгісіне қатысты ескерту айтпақпыз. «Ол» сөзінен кейін сызықша қойылады. Міне, қайда болсын тыныс белгісін ескермеу орын алған. Бұл келеңсіз құбылыс қазақ тілін грамматика, оның ішінде тыныс белгілері жағынан жүрдай етіп тынатын сияқты ғой. «Насихат» сөзі ежелден «х» әрпімен жазылады. Жалпы араб пен парсы тілдерінен кірген сөздердің жазылуына қатысты бірізділік жоқ. Бізден де үнемі «дастархан» деп жазамыз ба, жоқ әлде «дастарқан» деп қазақы «қ» әрпі арқылы жазамыз ба, «рахмет» деп жазамыз ба, әйтпесе «рақмет» деп жазамыз ба деп жиі сұрайды. Бұл орайда нақты жауап бере алмаймыз. Өйткені, бұл Тіл білімі институтының тірлігі болуы тиіс. Осы жерде Рүстем Әбдірашовтың киносы жайында жазылған рецензияны тексеруді үзе тұрып, Тіл білімі институтының маманы жазған бір мәтінді талқыға салып алайық. Бұл бірді айтып бірге кету емес. Тіл білімінің қазіргі деңгейін көрсету үшін таптырмас мысал болады екен. Сонымен киноның рецензиясына, жанды мен жансыз тақырыбына сәлден соң ораламыз.

Университетте деканымыз Темірбек Қожақеев ара-тұра Телжан Шонанұлының еңбектерін ауызға алып, соған жүгінетін. Осы аты құлақта, еңбектері санада қалған тұлғаға арналып Алматыда ғылыми-практикалық конференцияның өткені туралы ақпараттық сайтта шыққан көлемді мақалаға көзіміз түсті. Конференцияны ұйымдастырған – А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, ал мақаланы авторы – А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты грамматика бөлімінің қызметкері екен. Неге оқымасқа?

Оқып шығып қайран қалдық. Телжан Шонанұлының еңбектеріне емес, мына мақалаға. Басында мынадай ақпарат беріпті: «... «Әсіре ұлтшыл» деген қалпақ киген Телжан Шонанұлының тұтқындалуы мен атылуының арасы үш-ақ күн болған. Жұбайы Шаһзаданы да көп өтпей жендет үкімет 34 жасында атып тастайды. Ұлын да қудалап, оның да түбіне жетеді. Осылайша, қазақ халқының аса үлкен бір ғалымының шаңырағының түтіні өшіп кетті.» Үзіндінің соңы. Сөйтеді де, одан кейін былай жазыпты: ... «Заманы түлкі болса, тазы боп шалған» ғалым Телкең туралы бүгінгі таңда сексеннің сеңгіріне шыққан танымалы тілтанушы Өмекең кеңірек көсілді.» Бүкіл отбасымен заманның құрбаны болған Телжан қалай «заманы түлкі болса, тазы боп шалды» екен?

Әрі қарай кеттік: «...Осыдан кейінгі сүбелі сөздің кезегін т.ғ.д., Гүлбану Жүргенбаева, Ақтөбеден арнайы келген өлкетанушы Мырзабай Бекарыстан, профессор Салқынбай анар, белгілі ғалым Мектептегі Аманқос қатарлы сөз зергерлері алды. Олар киын күнде қазағын қызғыштай қорғаған Т.Шонанұлының әр қырын аша түсетін, ғылыми баяндамалар оқыды. «Шешіле сөйлеген шешен емес, шеше сөйлеген шешен» деп дана халқымыз айтқандай, алты алаштың өшкенін жағып, өткенін іздеп, өлгенін тірілту жолында, өткен ғасырдың көлегейленген күңгірт тұстарын аша білген ізденімпаз топтың қай-қайсысының да ортаға салған ойлары көкейге қонымды, көңілге медеу болды.» Үзіндінің соңы.

«Сөз кезегін сөз зергерлері» алған бұл абзацқа қарағанда, конференцияда бір емес, бірнеше ізденімпаз топ болған-ау. Аттары аталған сөз зергерлерін бір топ десек, «алты алаштың өшкенін жағып, өткенін іздеп, өлгенін тірілту жолында, өткен ғасырдың көлегейленген күңгірт тұстарын аша білген» басқа ізденімпаз топтар кімдерден тұрды? Жұмбақ.

Тіл ғылымы институтының маманы «Шешіле сөйлеген шешен емес, шеше сөйлеген шешен» деген мақалды қайдан тапқаны бізге және жұмбақ күйде қалды. Өйткені, ол институттың өзі шығарған атақты «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінде» кездеспейді. Басқа да мақалдар жинағынан мына тіркесті таппадық. Сонда тілге қатысы бар мамандар өз қалтасынан суыра салған сөзді көпшілікке мақал деп ұсынатын болған ба.

Әрі қарай: «Қортынды сөзде нақты атқарылатын істер төңірегінде қарар қабылданды.»

Басқа біреу жазса, «әріп қатесін қойшы» дер едік, ал Тіл білімі институты грамматика бөлімінің қызметкерін қалай кешіресің. «Атқарылыаиын істер» емес, дұрысы «атқарылатын істер» шығар. Біз бұған дейін ешбір дәрісте әріп қатесін мысалға келтірмегенбіз. Ал Тіл білімі институты грамматика бөлімінің қызметкеріне қойылатын талап басқаша. Басқа жерде қайдам, осы тұста «балық басынан шіриді» деген мақал өте сұранып тұр. Енді мәніне назар аударайық. Қарар қорытынды сөзде қабылданбайды, барлық сөзден кейін қабылданып, оқылады.

Ақыр аяғында: «Тәнертенгі сағат тоғызда заманауи мәдениет бойынша, қою шай, қоңыр кофе ішіп алып, кең залға жиналған қауым, бесін еңкейе бере тарасты.» Бесін еңкеймейді, ғалым мырза. Бесін болғанда күн еңкейеді. Бұл жерде тағы да құбылыс пен затты шатастыру орын алған. Бесін – құбылыс, нақтыласақ күн арғы көкжиекке жақындағанда болатын құбылыс. Ол қозғалмайды. Демек, еңкеймейді. Күн зат. Еңкейетін де сол. Одан кейін «тәнертен» емес, «таңертең» болуы тиіс. Қазақтың «таң» деген сөзін



ешкім «тән» деп айтқан да жазған жоқ. Тіпті, біріккен сөздегі сөздердің бір-біріне ықпалын ескергенде де қазақ жазушыларының кітаптарында «таңсәрі» деп жазылып келді, ешкім «тәңсәрі» деген. Міне Тіл білімі институты грамматика бөлімінің маманы осыншама грамматикалық және синтаксистік әрі стильдік қатемен жазса, басқалардан бірдеңе талап ету ұят екен.

Сонымен режиссер Рүстем Әбдіраштың «Алмас қылыш» киносы экранға шыққанда жазылған рецензиядағы «насихат» па әлде қазақтың «к» әрпімен «насиқат» па дегенге сұрақты Тіл білімі институтынан іздейміз деп ондағылардың өзінің сауаты шамалы екенін аңғарып келдік. Енді өзіміздің жанды мен жансызға қатысты дәрісімізге орайық. Манағы рецензияны одан әрі талдаймыз.

ҮШІНШІ СӨЙЛЕМ былай жазылыпты: «Айқас сахналары «Номад» кәсіби каскадерлерінің ат салысуымен барынша шынайы шыққан.» Орыстың «сцены» сөзі «сахналары» деп ебедейсіз аударылғаны өкінішті. Қазақтың «көріністері» сөзіне бәрібір жетпейді. Қазақ тілінде сахна негізінен театрға қатысты қолданылады. Кейбір тарихи кітаптарлды аударғанда сахна басқа мағынада алынуы да мүмкін. Бірақ кинода айқас сахнасы емес, көрінісі деген ұғынықты болар еді.

Келесі тіркесті де үлкейткіш шынының астына алдық: «каскадерлерінің ат салысуымен». Бәрі дұрыс. Бейнелі сөз. Бірақ, бірге жазылады. Бұл енді тағы үлкен әңгіменің арнасы. Қазақта қай сөз бөлек қай сөз бірге қосылып жазылады. Осының да басы ашылмаған. Әркім білегенінше жазып жүр. Сосын дәл осы тұста осы «атсалысуымен» дегеннен қашу керек еді. Себебі, «Алмас қылышта» каскадерлер тегіс ат үстінде ойнағандары даусыз. Логикалық жағынан көлеңке түспес үшін «қатысуымен» дей салған дұрыс еді.

Бұл сөйлемді тексеріп болсақ, әрі жылжыдық: ТӨРТІНШІ СӨЙЛЕМ былай жазылыпты: «Голливудтық танымал туындылардан тәбетті көрермен, бұл фильмдегі жоғарғы деңгейлі операторлық жұмысқа да оң бағасын берер.» Мұнда «тәбетті көрермен» сәтті теңеу емес. Автордың айтайын дегені: «Голливудтық танымал туындылармен таныс көрермен» ғой. Бейнелеп айтамын десе, «тәбеті ашылған көрермен» деу қисынға сияды. «Жоғарғы деңгейлі» тіркесін «жоғары деңгейдегі» деп редакцияладық. Иә, «жоғарғы» емес, бұл орайда деңгейді «жоғары» деген сөзбен сипаттайды. Біл да тілші атаулының жиі қателесетін тұсы ғой. «Жоғарғы сот», баяғы «Жоғарғы Кеңес», қазіргі «Жоғарғы Бас қолбасшы» бір мағынада, «жоғары оқу орындары», «жоғары деңгей» басқа мағынада айтылады. Жазылған мен айтылғанда «ғ» әрпі бары – «Верховный», «ғ» жоғы – «высший».

Енді кезегін күткен БЕСІНШІ СӨЙЛЕМ мынадай: «Жаңғыртылған Сығанақ, Алмалық секілді тарихи шаһарлардың экрандағы кадрлары көз тартады.» Осы жеде біздің пойызымыздың дұрыс құрылмағаны белгілі болып тұр. Бір сөз өз орнын таппаған соң бүкіл мағына өзгеріп кеткен. Сығанақ, Алмалық тарихи шаһарлары жаңартылған жоқ. Дұрысы «Сығанақ, Алмалық секілді тарихи шаһарлардың экрандағы жаңғыртылған кадрлары көз тартады.» Көрдiңiздер ме, «жаңартылған» сөзі өз орнын тауып еді, бәрі түсінікті болды. Жиі айтып жүрген пойызды дұрыс құрай білу керек дегеніміз осылай тағы алдымыздан шыға келді.

АЛТЫНШЫ СӨЙЛЕМ өте бейнелі көрінеді: «Қырық жыл ел билеген кәрі қасқыр мен жас жолбарыстың текетіресі сізді жалықтырмайды.» «Текетіресі» сөзі қосылып жазыла ма, әлде дефис арқылы жазыла ма, журналистер арасында осыған бірізділік жоқ. Бір басылым қосып жазса, келесісі дефис арқылы жазады. Тіл ғалымы емеспіз, сондықтан осыған ұқсас, жасалу жолы бірдей «қырғи-қабақ» сөзі дефис арқылы жазылатынын ғана ескертейік. Ғалымдардан сұрар едік, олардың мәтіні көріп жаңа ғана түңіліп келгенбіз. Қазақ мұндайды «қоянның өзін көріп қалжасына түңіл» демей ме!

«Қырық жыл ел билеген кәрі қасқыр» өте сәтті тіркес, өкініштісі –онымен теке-тіресетін жас жолбарыстың жалаң тұрғаны. «Кәрі қасқырдың» салмақты анықтаушы болған жерде жас жолбарысқа да «жаңадан пайда болған» немесе «жеке жортқысы келген» деген сияқты тіркес сұранып тұр-ау.

Және кезегі келген ЖЕТІНШІ СӨЙЛЕМді оқып шығалық: «Саяси және идеологиялық мақсатта түсірілген «Қазақ елі» тарихи сериалының кинонұсқасы осы «Алмас қылыш.»

Алдымен, сөйлемнің бая-аяғын түзеп шығалық. Грамматикада тыныс белгілері деген бөлім бар. Өзірге оны ешкім тіл ередесінен алып тастаған жоқ. «Кинонұсқасы» сөзінен кейін сызықша қойылады. «Алмас қылыштың» басында ашылған тырнақша аяғында жабылуы керек еді. «Саяси және идеологиялық мақсатта түсірілген» деген тіркестегі үшінші сөз басқаша септеледі: «мақсатпен». Иә, біздің жазарман қауым кейде септік жалғауының өзіне сергек қарауды қойды. Бұдан кейін қай сөздің қайсыған тәуелді болып тұрғанын түсініп көріңіз. Септік жалғауының дұрыс жалғанбауы мағыналық бұлдырауға ұрындырады. Сөздің мәні, сөйлемнің не айтпағы белгісіз болып қалады.

Енді ең үлкен қатеге келейік: «Алмас қылыш» романы қалай «Қазақ елі» тарихи сериалының



Кітап: Телевизия, радио және жаңа медиаға мәтін жазу
Дәріс: Корпоративті медиа. Жанды мен жансыз, адам мен жануар
Дәріс авторы: Қайнар Олжаев

кинонұсқасы болмақ? Автор шамасы, «Алмас қылыш» романының кинонұсқасы «Қазақ елі» сериалы екенін айтпақ болған. Бірақ, өзі шатасып кеткен. Соның кесірінен бүкіл оқырманның миы да шатаспақшы.

Ең қорытынды СЕГІЗІНШІ СӨЙЛЕМге де келіп жеттік: « I. Есенберлиннің шығармасы негізінде жасалған бұл лентаның айыбы болса айтуды киносыншыларға қалдырайық.»

«Негізінде» деген сөзді өз мағынасында қалдырып, бір нәрсені айқындау, дәлдеу кезінде пайдаланған жөн. Бұл жерде «негізге алып» деп жазса, орынды болмақ.

Ең бастысы – тағы да жанды мен жансызға қатысты сауатсыздық орын алғаны. «Айып» тек жаңдыларға қарасты айтылады. Мысалдар: «Қылмыскердің айыбы белгіленді». «Тәртіп бұзушы айыпқа тартылды». «Қасқыр малды қырғанына айыпты». Ал жансыз лента қалай айыпты болмақ? Демек, «лентаның» емес, «лентаны түсірушілердің айыбы болса» деген қиынға сияды.

Жансыз зат жөнінде айтылғанда адамға қатысты сөздерді қолдануға болмас. Айбайламаса, автордың күлкіге қалуы әбден мүмкін. Оған келесі мысалды келтіреміз. Бұл мысалды республикада ең алдымен ауызға алынатын ақпарат агенттінен таптық. Өте күлкілі жәйт. Мұншалықты жаңылыс жазуға тіпті ай даладағы малшының өзі жол бермес еді. Ал мынаны жоғары білімі бар, ең беделді әрі мемлекет есебінен қаржыландырылатын ақпарат агенттігі жазып отыр. Қайран қалмасқа лаж қайсы.

Бұл мақаланың оқиғасы мынандай. Хайуанаттар бағынан екі сиыр қашып кеткен. Мамандар соны іздейді. Осы тұста әлем кейінгі кезде цирк пен хайуанаттар бағына басқаша қарай бастағанын еске сала кетейік. Аң мен құсты қамап ұстау, тек адамдарға көрсету үшін пайдаланудан бас тарта бастады. Зообақтың өзіне осындай көзқарас болса, циркке тіпті қарсылық көбейді. Осыны ескерген Италияның парламенті циркте жануарларды ойнатуға тыйым салған заң шығарды. Елдің үкіметі оны орындауға кірісті. Енді бірқатар елдерде зообақтар жабыла бастады. Мұндай жағдайда біздің де ойланғанымыз жөн. Оның үстіне Алматы зообағында бірер жыл бұрын бірнеше хайуанның өліп қалғаны белгілі. Бұл да хайуандарды тек зообақтарда сақтауда болады, олар мұнда табиғи ортадағыдан ұзақ тіршілік етеді деген сөздің негізсіз екенін байқатса керек.

Енді әлгі оқиғамызға келейік. Мамандар сиырды іздестіреді. Ақыры бір бұрыштан табады. Енді осы сәтті айтулы ақпарат агенттігі қалай сипаттаған деңіз: «Жануарларды тауып алғанда олардың абыржығаны байқалып тұрған көрінеді». Абыржып тұру малға тән бе? Өте күлкілі емес пе? Адамға тән қасиеттері енді малға, аң мен құста теліп жаза берсе, сол кісілік қасиеттен не қалды. Журналистердің жеткен жері осы ма?

Абыржу, ренжу, ең бастысы ойлану тек адамға ғана тән. Ақылды деген қарғаңыздың, маймылдың өзін сезінуге тән сөздермен сипаттауға болмас. Мал үркеді, үріккен соң қашады. Қашып барып бір жерді паналайды. Бар болғаны осы. Оларды абыржытып қою шеберлік емес, мазақ нәрсе.

Осы орайда «абыжу» сөзіне қатысты өлең жолдары ойға оралады. Оны атақты Мұқағали Мақатаев өзінің өлең әлеміндегі ағасы Әбділда Тәжібаевқа арнап жазған тамаша жырында келтірген. «Тұрғанда ұйқы-тұйқы ақ самайың. Қалайша Әбе, сізді жат санайын. Абыржып асанды ұстап отырғаның, Ашулы Грозный патшадайын». Иә, поэзия патшалығындағы Әбділданың орнын орыс империясындағы Иван Грозныйдың орнымен салыстырған. Онысы жөн бе, қазіргі өлшеммен басқаша ма оны енді әдебиет сыншылары таразылай жатар. Біздің білуімізде Иван Грозныйды өзімізге қандас татар бауырлардың әдебиеті мен тарихында Яуыз Иван, демек жауыз Иван деп жазғаны бар. Бұл туралы осы дәрістеріміздің ең басында айтып кетсек керек. Бұл басқа тораптағы сөз ғой. Ал Әбділданы інісі Мұқағали тегін абыржытпайды. Үлкен ақын өлең патшалығының болашағына алаңдайды. Сол үшін абыржиды. Талайды көрген, ішіне көптеген сырды бүккен Әбділда Тәжібаевтың алаңдауы түсінікті. Солай болуы керек. Ал зообақтан қашып кеткен екі сиырды абыржытып қойған ақпарат агенттігінің сөйлемін ешкім қостай қоймас.

Міне, алдымен жанды мен жансызды, одан кейін адам мен малға тән сипаттарды айырмай бірін екіншісіне қолданудың мысалдары осындай. Бұл мысалдар кім не жазса да ойланып барып жазу қректігін байқатады. Тіпті, жазылған соң үстінен оқу деген бар емес пе. Кейінгі уақытта ешкім редакцияламай шығаратын мәтіндер ақпарат құралдарының абыройын төгіп болды. Бұл шын мәнінде, абыржытатын құбылыс. Тек зообақтан қашып шыққан екі хайуанды емес, қазақ журналистикасына жаны ашитын азаматтарды.

Он жетінші сабақты пысықтау:

Жанды тіршілік иесі мен жансыз заттардың өздеріне тән етістіктері болады. Оларды ауыстырып қолдану күлкілі жағдайға тап қылады.

«Сахна»сөзін орынсыз қолданбау керек, оның орнына кино туралы айтқанда «көрініс» дей беруге



Кітап: Телевизия, радио және жаңа медиаға мәтін жазу
Дәріс: Корпоративті медиа. Жанды мен жансыз, адам мен жануар
Дәріс авторы: Қайнар Олжаев

болады.

Әлемнің дамыған елдері зообақ пен циркте жаабайы аңдарды ұстаудан бас тартып жатыр, бізге ойланатын уақыт жетті .

Мал ешқашан ойланбайды да, абыржымайды да, сиырды абыржыды деп жазған журналистердің әрекеті оқырмандарды абыржытады.